ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының тұрғыны Айтуар Тарғанұлы САРШАЕВҚА.



Қадірлі әке! Сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Денсаулығыңыз зор, өмір жасыңыз ұзақ болсын, көңіліңіз нұрға, өміріңіз жырға толсын!

Көрінді барлық істе сан қырыңыз,
Төгілді талайларға жан нұрыңыз.
Тілейміз жемісті еңбек, мол бақыт,
Тек қуаныш сыйласын тағдырыңыз.

Игі тілекпен балаларыңыз: Ләззат, Ғалымжан, Мәрия, Мәрзия, Майра, Анар, Қанат. Бұл тілегімізге анамыз Талжан да қосылады.

*

Семей облысының Аягөз қаласында тұратын Қажыбай Киізбайұлы ОРАЗАЕВҚА.

45 жасқа толуыңмен құттықтаймыз. Денсаулығың мықты, өмір жасың ұзақ болсын.

Өміріңде жақсылықтар бола берсін,
Шаңырағың қуанышқа тола берсін.
Әрдайым тілегің қабыл болып,
Басыңа бақ-береке қона берсін!

Ізгі тілекпен зайыбың Қалимаш. Менің бұл тілегіме қыздарың Лаура мен Динара да қосылады.

ЕҢСЕСІ БИІК ЕКІ МЕКТЕП

Ақтөбе қаласында биылғы оқу жылында жаңадан екі қазақ мектебі пайдалануға берілді.

Металлургтер тұратын аймақта 1296 орынды № 36 орта мектеп қала балаларына қазақша дәріс беруде. № 37 бастауыш мектеп әуелде 120 шәкіртті қабылдайды деп күтілген, қазір онда 300-ге тарта қазақ баласы ана тілінде оқып жатыр.

Еңсесі биік екі қазақ мектебі қаладағы ұлттық ошақтар шоғырын көбейте түсті.

Әмір ОРАЛБАЙ.
Ақтөбе.

Казахстанская правда

Бүгінгі нөмірде:

Әдеттегідей сегіз бет болып шыққан сенбілік нөмірдің алғашқы бетіне Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Францияға ресми сапары туралы, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына Түркиядан келген қонақтарды қарсы алудан түсірілген фоторепортаж, журналист О. Коваленконың мұнай өндіру мәселелеріне арналған мақаласы берілген.

«Көзқарас» айдары аясына топтастырылған екінші беттің материалдары негізінен қазіргі экономикалық жағдайды сөз етеді. Олардың арасында Ә. Баймұратовтың, Г. Берковскаяның мақалалары бар.

И. Роговтың «Конституциялық заңдылық сақталсын» атты материалы, «Түрмеден ауруханаға дейінгі ауыр жол» деген фоторепортаж, ТМД елдерінен алынған жаңалықтар үшінші бетте.

Төртінші, бесінші беттерде арнаулы тілші А. Молчанованың «Зейнеткерлер ақшасыз отыр», Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына байланысты ашылған қазақстандық суретшілердің көрмесінен түсірілген фоторепортаж, С. Нестеренконың Ақмоладан жазған бүгінгі күннің өзекті мәселесін тілге тиек еткен мақаласы жарияланған.

«Планета» деп аталатын тақырыптық алтыншы бет тұтасымен шет ел материалдарына арналып отыр.

Алдағы аптаның телебағдарламасы жетінші бетке берілсе, С. Горбуновтың Моңғолиядан келген қазақтардың өмірінен жазған мақаласы, Ю. Лифинцевтің самбодан әлем кубогі үшін өтіп жатқан жарыстың барысы жайындағы мақаласы, түрлі жарнамалар соңғы бетке орналастырылған.

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ ҮЙІҢІЗДЕ

28 — 30 қыркүйек

ДҮЙСЕНБІ
28 ҚЫРКҮЙЕК

АЛМАТЫ

28-қыркүйек пен 4-қазан аралығы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы.

Қазақ және орыс тілдерінде: 8.55 Бағдарлама. 9.00 Мультфильм. 9.15 Фильм-концерт. 9.40 «Қазақтелефильм» студиясының туындысы. «Акие Нора». 10.00 «Қазақстан». 10.45 «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 11.25 «Қазақтелефильм» студиясының туындысы. «Саздар сыры». 11.55 «Шоқан Уәлиханов». Көркем фильм. 13.35 Сазды бағдарлама. 14.00 Бағдарлама. 18.00 «Таңжарық туралы сөз». Хабар. 18.50 Жаңалықтар. 19.00 Алматы теледидары. 20.00 «Өзекті әңгіме». 20.15 «Қазақстан спорты». Хабар. 20.55 Жарнама. 21.00 «Қазақстан». 21.45 «Алтын дән-92». 22.10 «Қуаныш пен үміт үйі» телемарафоны қарсаңында. 22.20 «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 23.00 «Қазына» этнографиялық ансамблінің концерті. 23.40 Самбодан әлем кубогі. 00.10 «Қарақерей Қабанбай — ер асылы». Хабар. 01.10 Ауа райы, бағдарлама.

«АЛАТАУ»

Қазақ тілінде: 19.00 Бағдарлама. 19.05 «Айтжан Тоқтағанов күй шертеді». Фильм-концерт. 19.15 «Халықаралық ахуалық шолу». Хабар. 19.30 Семей облысы, Шұбартау ауданы көркемөнерпаздарының концерті. 19.55 «Сиқырлы қазан». Торғай және Қостанай облыстары мектеп оқушыларының сайысы. 1—3 бөлімдері. 21.45 «Алтын дән-92». 22.05 «Көңіл ашар». Фильм-концерт. 22.20 «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 23.00 «Қазына» этнографиялық ансамблінің концерті. 23.40 Самбодан әлем кубогі. 00.10 «Қарақерей Қабанбай — ер асылы». Хабар. 01.10 Ауа райы, бағдарлама.

МӘСКЕУ

7.00 «Қорытындылар». 7.45 «Таңсәрі». 10.00 Жаңалықтар. 10.20 Таңертеңгілік жаттығу. 10.30 Мультфильм. 10.40 Лирикалық концерт. 11.00 Хайуанаттар әлемінде. 12.00—12.20 Жаңалықтар. 16.00 Жаңалықтар. 16.25 «Телемикст». 17.10 «Қойын дәптер». 17.15 «Уолт Дисней» ұсынады... 18.05 «Демал». 18.20 Жеңіл атлетика. Әлем кубогі. 19.00 Жаңалықтар. 19.20 «Дыбыс күші». Сазды бағдарлама. 19.35 Футболға шолу. 20.05 «НЭП». 20.35 «Құбыжық па, әлде басқа біреу ме...». Көркем фильм. 21.45 Кешкі ертегі. 22.00 Жаңалықтар. 22.25 Спорттық сауық-сайран. 22.40 «Өмірдегі ұсақ-түйектер». Көркем телефильмнің 1-сериясы. 23.10 «Баспасөзотау». 01.35 Хабар. Үзілісте — (01.00) жаңалықтар. 02.15—02.50 «Париж — Мәскеу — Пекин» автожарысы.

РЕСЕЙ

9.00 Хабар-ошар. 9.20 Іскер адамдар уақыты. 9.50 «Кел, бірбіріміздің қолымызды қысайық...». Н. Никитский. 11.05 «К-2»: «Бізді танып қой», «Кинограф» бағдарламаларын ұсынады. 12.30 «Бурда моден» ұсынады... 13.00 «К-2» кинозалы. «Жаңғақ наны» көркем фильмі. 14.15 Деректі фильм. 14.40—15.00 Шаруалар мәселесі. 17.05 «Самотлордың мұнай корольдері». 17.35 «Себу сезімдері». 18.05 Інжіл туралы әңгіме. 18.35 Хабар. 18.55 Жарнама. 19.00 Хабар-ошар. 19.20 Алматы теледидары. 21.15 Күн сайын мереке. 21.25 «Орыс ойыны». Көркем фильм. 22.45 Ересектерге арналған мультфильм. 22.55 Жарнама. 23.00 Хабар-ошар. 23.25 Ақиқат сәті. А. Карауловтың сұрақтарына Герман Титов жауап қайтарады. 00.20 «Терпсихордың алдында». 00.50 Рок-кафе. 01.20 Спорт өткешегі. 01.30—02.20 Футболдан Ресей чемпионаты. «Асмарал» — «Спартак» (Владикавказ).

БІШКЕК

19.00 Бағдарлама. 19.05 Мультфильм. 19.15 «Жастық әні». 19.30 «Алатоо». 19.50 «Нарық шытырмандары». Тікелей эфирден хабар. 20.30 Студенттердің бейнеарнасы. 21.00 Демалыс сәтіндегі концерт. 21.30 «Алатоо». 21.50 «Назар». 21.55 Ауа райы, бағдарлама.

СЕЙСЕНБІ
29 ҚЫРКҮЙЕК

АЛМАТЫ

Қазақ және орыс тілдерінде: 8.55 Бағдарлама. 9.00 Мультфильм. 9.15 Фильм-концерт. 9.30 «Қазақтелефильм» студиясының туындысы. «Үмітімді үзбедім». 10.00 «Қазақстан». 10.45 «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 11.25 «Қайран шешем». Көркем фильм. 12.45 «Қазақтелефильм» студиясының туындысы. «Аманат». 13.15 «Қыран». Монғолия қазақтарының ақындық дәстүрі. 13.45 Бағдарлама. 18.00 Алматы теледидары. 19.00 Республика сарайынан концерт. Тікелей эфир. 20.30 Кешкі әуендер. 20.45 Мультфильм. 20.55 Жарнама. 21.00 «Қазақстан». 21.45 «Алтын дән-92». 22.05 «Қуаныш пен үміт үйі» телемарафоны қарсаңында. 22.15 «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 22.55 «Ән естелік». Сазгер Шәмші Қалдаяқов. 00.20 «Айналайын». Көркем фильм. 01.30 Ауа райы, бағдарлама.

«АЛАТАУ»

Қазақ тілінде: 19.00 Бағдарлама. 19.05 Мультфильм. 19.15 Хабар-ошар. 19.20 Алматы облысы, Нарынқол ауданы көркемөнерпаздарының концерті. 20.05 «Құлазу». Телефильм. **Ұйғыр тілінде:** 20.25 Ақпарат. 20.35 Мультфильм. 20.45 «Нава» ансамблінің концерті. **Қазақ тілінде:** 21.25 «Асыл мұра». Күлаңда Бөкешова бізде қонақта. Хабар. 22.15 «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 22.55 Бағдарлама. 23.00 ТРТ-5-арна. Еуразия.

МӘСКЕУ

7.00 Жаңалықтар. 7.35 Таңертеңгілік жаттығу. 7.45 «Таңсәрі». 10.00 Жаңалықтар. 10.20 «Байлар да жылайды». Көркем телефильм. 11.05 Футболға шолу. 11.35 «Теңіз альбомы». Концерт. 12.00 «Мен Сібірде тұрар едім». Тарихшы П. Словцовтың өмірі мен қызметі туралы». Хабар. 01.10 Ауа райы, бағдарлама.

«АЛАТАУ»

Қазақ тілінде: 19.00 Бағдарлама. 19.05 «Мұқан Төлебаев». Телефильм. 19.20 «Республика өмірінің өзекті мәселелері». Хабар. 19.50 «Қанат Омарбаев ән шырқайды». Фильм-концерт. 20.10 «Жүзтаныс». Хабар. **Ұйғыр тілінде:** 20.45 Ақпарат. 20.55 «Әмина». Телефильм. 21.25 «Шатлық» ансамблінің концерті. **Қазақ тілінде:** 21.45 «Алтын дән-92». 22.05 «Орда хан жұртында». Телефильм. 22.05. «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 23.05 ТРТ-5-арна. Еуразия.

МӘСКЕУ

7.00 Жаңалықтар. 7.35 Таңертеңгілік жаттығу. 7.45 «Таңсәрі». 10.00 Жаңалықтар. 10.20 «Байлар да жылайды». Көркем телефильм. 11.50 Хабар. 12.20 Балалар теледидарының қаулымдастығы. 13.00 Жаңалықтар. 13.20 «Жоғары мәртебелінің адъютанты». Көркем телефильмнің 1-сериясы. 14.45 «Қамқоршы». Қысқа метражды көркем телефильм. 14.55 «Өтіп бара жатқан жаздың жаңғырығы». Көркем телефильмнің 1-сериясы. 16.00 Жаңалықтар. 16.25 «Телемикст». 17.10 «Қойын дәптер». 17.15 «Уолт Дисней» ұсынады... 18.05 Деректі телефильм. 18.15 Балалардың теледидар қаулымдастығы. 19.00 Жаңалықтар. 19.20 Мемлекетаралық «Останкино» телеарнасы ұсынады. 19.50 Мультфильм. 20.00 «Байлар да жылайды». Көркем телефильм. 20.45 Сазды бағдарлама. 21.00 Тақырып. 21.45 Кешкі ертегі. 22.00 Жаңалықтар. 22.20 Режиссер А. Вайданың фильмдері. «Күл». Көркем фильмнің 1-сериясы. 23.40 «Әскери шолу». 00.10 «ВиД»: Ю. Белянкиннің «Әрекет үстіндегі адамдар» деректі телефильмін ұсынады. 00.40 Деректі фильм. 01.00 Жаңалықтар. 01.35—02.10 «50х50» арнаулы бағдарламаның шығарылымы.

РЕСЕЙ

9.00 Хабар-ошар. 9.20 Іскер адамдардың уақыты. 9.50 Ақиқат сәті. 10.45 «Кингсайз». Көркем фильм. 12.30 XX ғасыр кадрда және кадр сыртында. 13.30 Шаруалар мәселесі. 13.50 Шеберлер. «Менің ауыр кресім». Телефильм. 14.45—14.55 Ресей Конституциялық сотының залынан. 15.55 Телебиржа. 17.25 Мультфильм. 17.50 «Бадабоки». Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бағдарлама. 18.10 «Рост» студиясы. 18.40 Жаңалықтар. 19.00 Хабар-ошар. 19.20 Алматы теледидары. 21.10 Күн сайын мереке. 21.25 «Санта-Барбара». Көркем телефильмнің 79-сериясы. 22.15 «Ресейге арналған қағаз». 22.40 «Бейбітшілікке мәдениет арқылы». 22.55 Жарнама. 23.00 Хабар-ошар. 23.25 «Жасылдар» қозғалысы туралы хабар. 23.45 Хабар. 00.20 «Околесица» кабаресі. Жаңа маусымның ашылуы. 01.20 Ресей Конституциялық сотының залынан. 01.50—02.25 «Моцертеум» ансамблі өнер көрсетеді.

БІШКЕК

19.00 Бағдарлама. 19.05 Мультфильм. 1910 «Ашық» көңілді балалармыз». 19.30 «Алатоо». 19.50 «Алам алқабында». 20.00 Экологиялық бағдарлама. 20.30 «Бақташының әні». Телефильм. 20.40 «Диқаншылық — береке бастауы». 21.00 «Ерсай» тобы өнер көрсетеді. 21.30 «Алатоо».

ТАШКЕНТ

8.00 «Өзбекстан». 8.25 Телефильм. 9.00 «Махаббат туралы аңыз». Көркем фильм. 10.30 Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мәселесі. 11.10 «Кішкентай» студиясы көрсетеді.

СӘРСЕНБІ
30 ҚЫРКҮЙЕК

АЛМАТЫ

Қазақ және орыс тілдерінде: 8.55 Бағдарлама. 9.00 Мультфильм. 9.15 Фильм-концерт. 9.40 «Қазақтелефильм» студиясының туындысы. «Меңгілік өрнектер». 10.00 «Қазақстан». 10.45 «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 11.25 «Шәкәрімнің соңғы күзі». Көркем фильм. 12.40 Сазды бағдарлама. 13.20 «Көл тағдыры». Балқаш. 14.00 Бағдарлама. 16.00 Дүниежүзі қазақтары құрылтайының салтанатты мәжілісі. Республика сарайынан тікелей хабар. 17.30 «Қазақтелефильм» студиясының туындылары. «Дастарқан», «Қобыз». 18.00 «Айтыс». Республика сарайынан тікелей хабар. 20.00 Алматы теледидары. 21.00 «Қазақстан». 21.40 Бағдарлама, жарнама. 21.50 «Қуаныш пен үміт үйі» телемарафоны қарсаңында. 22.10 «Алтын дән-92». 22.25 «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 23.05 «Қыз Жібек». Көркем фильмнің 1-сериясы. 00.10 «Желтоқсан жаңғырықтарын». Хабар. 01.10 Ауа райы, бағдарлама.

«АЛАТАУ»

Қазақ тілінде: 19.00 Бағдарлама. 19.05 «Мұқан Төлебаев». Телефильм. 19.20 «Республика өмірінің өзекті мәселелері». Хабар. 19.50 «Қанат Омарбаев ән шырқайды». Фильм-концерт. 20.10 «Жүзтаныс». Хабар. **Ұйғыр тілінде:** 20.45 Ақпарат. 20.55 «Әмина». Телефильм. 21.25 «Шатлық» ансамблінің концерті. **Қазақ тілінде:** 21.45 «Алтын дән-92». 22.05 «Орда хан жұртында». Телефильм. 22.05. «Армысың, ағайын!». Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан. 23.05 ТРТ-5-арна. Еуразия.

МӘСКЕУ

7.00 Жаңалықтар. 7.35 Таңертеңгілік жаттығу. 7.45 «Таңсәрі». 10.00 Жаңалықтар. 10.20 «Байлар да жылайды». Көркем телефильм. 11.50 Хабар. 12.20 Балалар теледидарының қаулымдастығы. 13.00 Жаңалықтар. 13.20 «Жоғары мәртебелінің адъютанты». Көркем телефильмнің 2-сериясы. 14.45 «Қамқоршы». Қысқа метражды көркем телефильм. 14.55 «Өтіп бара жатқан жаздың жаңғырығы». Көркем телефильмнің 2-сериясы. 16.00 Жаңалықтар. 16.25 «Телемикст». 17.10 «Қойын дәптер». 17.15 «Уолт Дисней» ұсынады... 18.05 Деректі фильм. 18.25 Жаңалықтар. 18.40 М-трест. 18.55 Жарнама. 19.00 Хабар-ошар. 19.20 Алматы теледидары. 21.00 Күн сайын мереке. 21.10 «Санта-Барбара». Көркем телефильмнің 80-сериясы. 22.00 Деректі панорама. «Жүгіру үшін туған». 22.15 Оппозиция 22.55 Жарнама. 23.00 Хабар-ошар. 23.25 «Алабажақ қазандық». Эстрадалық бағдарлама. (Германия). 00.20 Спорт өткешегі. 00.25 Ресей Конституциялық сотының залынан. 00.55—01.10 Парламент хабаршысы.

РЕСЕЙ

9.00 Хабар-ошар. 9.25 Іскер адамдардың уақыты. 9.55 Бос уақытта. 10.10 Менің Отаным. 11.05 «Околесица» кабаресі. 12.05 «Моцертеум» ансамблі өнер көрсетеді. 12.40 Театрдағы кездесулер. «Қойылымда ойнаймыз». Спектакль. 13.30 Ретро. «Гитара әуені». 13.45 «Санта-Барбара». Көркем телефильмнің 79-сериясы. 14.35 Шаруалар мәселесі. 14.55—15.05 Ресей Конституциялық сотының залынан. 16.40 Бизнес: жаңа есімдер. 16.55 Мультфильм. 17.10 Христиандар

□ САМБО

Әліптің артын бағалық

□ АЛДЫҢҒЫ күні Балуан Шолақ сарайында Әлем кубогі үшін бәсеке басталды. Аса күшті Моңғол құрамасы Қырғызстан балуандарын 9:0 есебімен бет қаратпай жықты. Беларустар түріктендерді тізе бүктірді. Украиналықтар француздарды ұтты.

Ертеңгісін Әзірбайжан құрамасын жеңген Өзбекстан самбошылары кешкісін біздің құрамамен белдесті.

Қазақ құрамасының «бісмілләсін» әлемнің жастар бірінші лігінің күміс жүлдегері Ержан Иманжүсіпов (48 килә) бастады. Ол Батыр Жұманәлиевтен басым түсті.

Азия чемпионы Айбатыр Махмұтов (52 килә) Рудольф Кимнен 0:4 есебімен жеңіліп жатып, нағыз балуанға сай мінез танытты. Ким қазақ балуанының қайратына шыдай алмады.

57 киләдағы Зекен Шәймерденов Ғафуровпен итжығыс түссе, Азия чемпионы Жанат Байшолақов (62 килә) Шәріповты ес жиғызбай жықты.

Сәлкен Жартыбаев (68 килә) пен Сергей Волобуев (74 килә) қарсыластарын екі-үш шиырғаннан тұрғызбады. Есесіне Руслан Сейілханов, Владимир Талысбаев, Игорь Пешков пен түйе балуан Самат Рамазанов сәтсіздікке ұшырады. Қазақстан құрамасы 6:4 есебімен жеңіске жетті. Қыздарымыз Қырғызстан құрамасын сүріндірді.

ҚЫДЫРБЕК.

□ **Айбатыр Махмұтовтың жеңісті сәті.**

Суретті түсірген **Зейнел УЙСІНБАЙ.**

● *Редакцияға хат*

Күрес қашан күшеймек

Былтыр мамырдың 7-сі күні Алматы қаласының екінші «Самал»» шағын ауданында тұратын, төртінші автобазаның жүргізушісі болып еңбек етіп жүрген, жасы 36-ға толған балам Сексенбаев Бақытқанды белгісіз қаныпезер жауыздар пышақтап өлтіріп кетті. Қылмыс дереу тексеріліп, тергеле бастағанда жауыздарды көп ұзамай ұстап, тиісті жазасы берілетін болды деп сенген едім. Амал не, күні бүгінге дейін тиісті орындар қылмыскерлерді таба алған жоқ. Енді сірә, бұл оқиға мүлде ұмыт қалатын секілді.

Егер тиісті органдар мықтап іске кіріссе, менің ұлымды өлтірген қанішерлерді табу қиынға түспес еді. Өйткені айғақ боларлық деректер жеткілікті ғой. Амал не, өзге қылмысты істер секілді, бұл да бүркеліп қала беретіні айқын болып отыр.

Ә. СЕКСЕНБАЕВ,
соғыс және еңбек ардагері.
Алматы қаласы.

«ЖАЗҒЫ» УАҚЫТТЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ

Алдағы сенбі биылғы жазғы «уақыттың» соңғы күні болады. Қыркүйектің 27-сінде, жексенбіде таңғы сағат 3-те Қазақстанның бүкіл территориясында сағат тілі 1 сағат кейін шегеріледі. Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Министрлер кабинетінің қаулысымен енгізілген уақыт есептеудің белгіленген бір тәртібі осындай.

(ҚазТАГ).

ЕСКЕ АЛУ

(Айтақын Сырайыловқа)

Ортамызда бүгін жоқ Айтан аға,
Бәйтерек те мөңгілік жайқала ма?!
Орны бірақ ерекше ойсырап тұр,
Тұрғанымен сол қалпы байтақ дала.
Еді ғой деп қайсар-ақ алып тұлға,
Есіміңді ел қосып жүр халықшылға.
Бір жарқ етіп сөнгісің шоқ жұлдыздай,
Биік шыңға сара жол салыпсың да.
Шыққан жан ең ортаңнан сен бір дара,
Арыс ед деп ел-жұртың берді баға.
Шырылдап ең сен кеше қызғыш құстай,
Шыр-пырыңды жан аға енді ұқтым.
Құлағымнан кетпейді тылсым үнің,
«Ұлағат» боп жұртыңда жүр шындығың.
Көкірегін ұйқылы момын елдің
Оятам деп өтіпті тіршілігің.
Еңбегіңді бағалар бүгінгі ұрпақ,
Көңіліміздің өшпейді кісілігің.
Ақын інің арнады шуақ жырдан,
Жақсы деген атыңды қуат қылғам.
Тек шындығын өмірдің насихатта
Өз газетің — «Ұлағат» бұлақ-тұнбақ.
Осы жолда ұмтылмас салған ізің,
Ұрпағыңа қалдырған шырақ-мұрақ.
Шашқан едің бойыңнан тек жалын-от,
Бейнең қалды көңілде құр сағым боп.
Жоқтатпаған орныңды азамат бар,
Іске асырған ойыңды достарың көп.

Жан жары **Тамара**, жалғыз қызы **Айгүл** және **бір топ жолдастары атынан — Болатбек Тұрапбаев**, айтыс ақыны.

ТӘТТІЛЕР - БАЛАҢЫЗҒА!
КӨЙЛЕК - СҮЙІКТІҢІЗГЕ!
ЖИҺАЗ - ПӘТЕРІҢІЗГЕ!

ASSOTIATION REMAS

Сізді Алматы қаласындағы Спорт Сарайында өтетін

GAYSAN GROUP

КӨРМЕ - ЖӘРМЕҢКЕГЕ

шақырады,
ол өз жұмысын қазан айында бастайды.

МҰНДА СІЗ БӘРІН ДЕ САТЫП АЛАСЫЗ!

Жиһаз, азық-түлік өнімдері, киім және тұрмыс техникасы.

Сатып алған заттарыңыз көңіліңізден шығатыны сөзсіз!

Төлем ақшамен және еркін айырбасталатын валютамен.

КӘСІПОРЫНДАР МЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР БАСШЫЛАРЫН ҚАЗАҚСТАН МЕН ТМД-ға КЕЗ КЕЛГЕН ТАУАР ТҮРЛЕРІН ЖЕТКІЗІП БЕРУ ҮШІН КЕЛІСІМ БЕКІТУГЕ ҚҰТЕМІЗ.

СІЗГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН:
Телефондар: (327-2) 23-01-02;
47-87-88.
Факс: (327-2) 23-00-28

СТИКС

Бас редактор Әбіш КЕКІЛБАЙ.

Редакция алқасының мүшелері:
Жанат ЕЛШІБЕК (редакцияның жауапты хатшысы), Нұртөре ЖҮСІП, Нури МУФТАХ, Аян НЫСАНАЛЫ, Қайнар ОЛЖАЙ, Рысбек СӘРСЕНБАЙҰЛЫ, Ержұман СМАЙЫЛ (бас редактордың бірінші орынбасары), Мыңбай ІЛЕС (бас редактордың орынбасары).

Нөмірдің кезекші редакторлары: Аян НЫСАНАЛЫ, Қыдырбек РЫСБЕКҰЛЫ, Назгүл БАЙСАРЫ.

Құрылтайшылар: Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті және «Егеменді Қазақстанның» ұжымы

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы № 1 куәлігі берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
480044 Алматы,
Гоголь көшесі, № 39 үй.

«Егеменді Қазақстанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Бас редактор — 63-25-46; бас редактордың қабылдау бөлмесі — 63-26-37; бас редактордың бірінші орынбасары — 63-26-94; бас редактордың орынбасары — 63-16-87; жауапты хатшы — 63-19-28; жауапты хатшының орынбасары — 63-19-94; секретариат — 63-16-49, 63-24-79, ақпарат бөлімі — 63-18-59, 63-08-79, 63-06-50, 63-06-53, 63-05-79, 63-06-82; әлеумет бөлімі — 63-13-80, 63-16-21, 63-24-59, 63-09-78, 63-08-87, экономика бөлімі — 63-18-38, 63-17-39, 63-23-69; 63-23-80; рухани мәселелер бөлімі — 63-19-16, 63-24-87, 63-19-69, 63-17-98, 63-25-84; хат бөлімі — 63-13-74, 63-14-39, 63-14-69, 63-15-04; тілшілер бөлімі —63-25-49, 63-22-83; коммерция бөлімі — 63-89-83, 63-29-48; суретші — 63-24-15; фототілші — 63-19-84; телефакс — (8 — 327 — 2), 63-24-90; хат тіркеушілер — 63-15-85, 63-15-30, кешкі редакция — 33-76-21, 33-36-57; корректорлар бюросы — 33-79-49. Егер газет табыс етілмесе, 62-59-01 телефонына хабарласу керек.

◆ Индекс 65392. Жылына 300 рет шығады. ◆ Республикалық «Дәуір» газет-журнал баспасы, 480044, Алматы қаласы, Ленин даңғылы 2/4. Таралымы 200.000 дана. Тапсырыс 11647. М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10.